ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ және ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Дипломдық жоба

Биржанова Айымжан Сабитжановна

5В070200 – «Автоматтандыру және басқару» мамандығы

Тақырыбына: Асинхронды қозғалтқышты жиіліктік реттеу жүйесін жобалау және зерттеу

Дипломдық жұмыс реттелмелі электржетегін жиілік түрлендірігіш-асинхронды қозғалтқыш жүйесінде жасауға арналған.

Басқарылатын электржетегінің жаңа схемалық шешімін жасаудың негізгі мақсаты өндіріс орындарындағы көптеген реттелмейтін электржетектерінің орнына техника-экономикалық көрсеткіштері жоғары, реттеу схемасы күрделі емес, өзіндік құны салыстырмалы түрде арзан электр жетегін ұсыну.

Өндіріс орындарында кеңінен қолданылатын механизмдер турбомеханизмдер болып табылады, яғни елімізде өндірілетін барлық электр энергиясының 30 % - жуығы осындай механизмдермен пайдаланылады. Сондықтан мұндай механизмдерді ретелетін электржетегімен қамтамасыз етудің маңызы зор

Дипломдық жұмыста бүкіл мәселелер қарастырылған деп есептей отырып, _жо_ және толық деп бағалап, оны орындаушы Биржанова А.С 5В070200 «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша бакалавр лауазымына лайықты деп санаймын.

Жоба жетекшісі
техн.ғыл.канд., ассистент-профессор
_____ Сарсенбаев Н.С.
(қолтаңбасы)
«____» _____ 2022ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ және ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

СЫН – ПІКІР

Дипломдық жоба

Биржанова Айымжан Сабитжановна

5В070200 – «Автоматтандыру және басқару» мамандығы

Тақырыбына: Асинхронды қозғалтқышты жиіліктік реттеу жүйесін жобалау және зерттеу

Орындалды:

а) графикалық бөлім __ бет;

б) түсініктеме жазбасы __ бет.

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУ ЖАСАУ

Дипломдық жұмыс реттелмелі электржетегін жиілік түрлендірігіш-асинхронды қозғалтқыш жүйесінде жасауға арналған.

Басқарылатын электржетегінің жаңа схемалық шешімін жасаудың негізгі мақсаты өндіріс орындарындағы көптеген реттелмейтін электржетектерінің орнына техника-экономикалық көрсеткіштері жоғары, реттеу схемасы күрделі емес, өзіндік құны салыстырмалы түрде арзан электр жетегін ұсыну.

Өндіріс орындарында кеңінен қолданылатын механизмдер турбомеханизмдер болып табылады, яғни елімізде өндірілетін барлық электр энергиясының 30 % - жуығы осындай механизмдермен пайдаланылады. Сондықтан мұндай механизмдерді ретелетін электржетегімен қамтамасыз етудің маңызы зор

ЖОБАНЫ БАҒАЛАУ

Жалпы дипломдық жобаны 10 деп бағалауға, ал студент Биржанова Айымжанды автоматтандыру және басқару мамандығы бойынша техника және технология саласының бакалавры квалификациясын беруге лайық деп тануға болады.

Сын – пікір беруші
доктор PhD, ЭМиЭП"
кафедра меңгерушісі, АЭжБУ
_____ Ж. Шыныбай
(қолтаңбасы)

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Биржанова А.

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Асинхронды қозғалтқышты жиіліктік басқару жүйесін жобалау және зерттеу

Научный руководитель: Нурлан Сарсенбаев

Коэффициент Подобия 1: 12.7

Коэффициент Подобия 2: 9.7

Микропробелы: 7

Знаки из здругих алфавитов: 20

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☐ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☑ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☑ Обоснование:

Дата

проверяющий эксперт

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Биржанова А.

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Асинхронды қозғалтқышты жиіліктік басқару жүйесін жобалау және зерттеу

Научный руководитель: Нурлан Сарсенбаев

Коэффициент Подобия 1: 12.7

Коэффициент Подобия 2: 9.7

Микропробелы: 7

Знаки из здругих алфавитов: 20

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☐ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☑ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☑ Обоснование:

Дата *Заведующий кафедрой*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Автоматтандыру және басқару кафедрасы

Биржанова Айымжан Сабитжановна

Асинхронды қозғалтқышты жиіліктік зерттеу жүйесін жобалау және зерттеу

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5В070200 – Автоматтандыру және басқару

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Автоматтандыру және басқару кафедрасы

ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ
Кафедра меңгерушісі,
ф.м.ғ.к., қауым. профессор
_____ Н.У Алдияров
«__» мамыр 2022ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

«Асинхронды қозғалтқышты жиіліктік зерттеу жүйесін жобалау және зерттеу»

5В070200 – Автоматтандыру және басқару

Орындаған: Биржанова А.С

Пікір беруші
доктор PhD,"ЭМиЭП"
кафедра меңгерушісі
АЭжБУ
_____ Ж. Шыныбай
«11» 05 2022 ж.

Техника ғылымдарының
кандидаты,
ассистент-профессор
_____ Н.С Сарсенбаев
«11» 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Автоматтандыру және басқару кафедрасы

5В070200 – Автоматтандыру және басқару

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісі,
ф.м.ғ.к., қауым. профессор
_____ Н.У Алдияров
«__» мамыр 2022ж.

Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: *Биржанова Айымжан Сабитжановна*
Тақырыбы: *Асинхронды қозғалтқышты жиіліктік зерттеу жүйесін жобалау және зерттеу*
Университет ректорының *“ ” __ 20 ж. № бұйрығымен бекітілген*
Аяқталған жобаны тапсыру мерізімі « » ____2022 ж.
Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:
1) *Асинхронды қозғалтқышты автоматты басқару жүйесі,жиіліктік зерттеу жүйесі*
2)Жиіліктік зерттеу жүйесін жобалау және зерттеу.
Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:
а) *Жиіліктік реттелетін электржетектің қолданылуы*
б) Электржетегінің қалыптасқан жұмыс режимдерін зерттеу
в)Жиіліктік әдісі арқылы асинхронды қозғалтқыштың айналу жиілігін реттеу
г) Қозғалтқыштың негізгі сипаттамаларын есептеу
д) Жиіліктік реттелетін электржетегін модельдеу
Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс) :
Сызбалық материалдар 14 слайдпен көрсетілген
Ұсынылатын негізгі әдебиет :

1)Соколов М.М. Автоматизированный электропривод общепромышленных механизмов. - М.: Энергия, 1969. - 544

2) Сандлер А.С. Регулирование скорости вращения асинхронных двигателей.–М.-Л.:Энергия,1966.-320

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жиіліктік реттелетін электржетектің қолданылуы	20.01.2022	
Электржетегінің қалыптасқан жұмыс режимдерін зерттеу	15.02.2022	
Негізгі сипаттамаларды және көрсеткіштерді есептеу	18.03.2022	
Жиіліктік реттелетін электржетегін модельдеу	10.04.2022	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жоба) қойған

қолтаңбалары

Бөлімдердің атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні,тегі, ғылыми дәрежесі,атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Есептік бөлім	Сарсенбав Н.С техника ғылымдарының кандидаты,ассистент-профессор	11.05.2022	
Технологиякалық бөлім	Сарсенбав Н.С техника ғылымдарының кандидаты,ассистен	11.05.2022	
Нормалық бақылаушы	Искакова А.М т.ғ.м. лектор	11.05.2022	

Ғылыми жетекші _____ Н.С Сарсенбаев
(қолы)

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ Биржанова А.С
(қолы)

Күні «25» қаңтар 2022

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс реттелмелі электржетегін жиілік түрлендірігіш-асинхронды қозғалтқыш жүйесінде жасауға арналған.

Басқарылатын электржетегінің жаңа схемалық шешімін жасаудың негізгі мақсаты өндіріс орындарындағы көптеген реттелмейтін электржетектерінің орнына техника-экономикалық көрсеткіштері жоғары, реттеу схемасы күрделі емес, өзіндік құны салыстырмалы түрде арзан электр жетегін ұсыну.

Өндіріс орындарында кеңінен қолданылатын механизмдер турбомеханизмдер болып табылады, яғни елімізде өндірілетін барлық электр энергиясының 30 % - жуығы осындай механизмдермен пайдаланылады. Сондықтан мұндай механизмдерді ретелетін электржетегімен қамтамасыз етудің маңызы зор[1].

Дипломдық жобада ұсынылып отырған электржетегі жан-жақты зерттеліп, оны қолданудың тиімділігі атап көрсетілген.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте разработаны регулируемый электропривод по системе преобразователь частоты- асинхронный двигатель.

Наиболее широко применяемыми в промышленности механизмами являются турбокомпрессоры, т.е. около 30% всей электроэнергии, вырабатываемой в стране, используется такими механизмами. Поэтому важно снабжать такие механизмы регулируемым электроприводом.

Дипломный проект представляет собой комплексное исследование предлагаемого электропривода и подчеркивает эффективность его использования. Даны инженерные методы расчета основных характеристик частоно регулируемолго электрпривода[1].

Доказано, что предложенная система электропривода является оптимальным по технико-экономическим показателям для многих механизмов.

ANNOTATION

In the graduation project, an adjustable electric drive was developed using the frequency converter - asynchronous motor system.

The most widely used mechanisms in industry are turbochargers, i.e. about 30% of all electricity generated in the country is used by such mechanisms. Therefore, it is important to supply such mechanisms with an adjustable electric drive.

The diploma project is a comprehensive study of the proposed electric drive and emphasizes the effectiveness of its use. Engineering methods for calculating the main characteristics of a frequently adjustable electric drive are given.

It is proved that the proposed electric drive system is optimal in terms of technical and economic indicators for many mechanisms.

КІРІСПЕ

Айнымалы ток машиналарының математикалық теориясының дамуы, жартылай өткізгіштер негізіндегі түрлендіргіштердің жасалуы, басқарудың қазіргі заманғы жабдықтарының қолданылуы реттелмелі электржетегінің негізгі түрі болып табылатын асинхронды электржетегінің жоғары сенімді және сапалы түрлерін жасауға мүмкіндік берді.

Электржетегі саласындағы әдебиеттер мен матераилдарға шолу көрсетіп отырғандай 2002 жылы еуропа нарқында сатылған реттелмелі электржетектердің 68 % - асинхронды электржетектер, 15 %- тұрақты ток электржетектері, 17 % - механикалық және гидровликалық жетектер құраған. Өндіріске енгізілетін реттелмелі асинхронды электржетектерінің басымдылығы болашақта да сақталып қалады, себебі қуаты 100 кВт дейінгі шығарылатын асинхронды қозғалтқыштар тұрақты ток қозғалтқыштарынан 40-50 есе көп.

Жұмыстың өзектілігі өндірістік процесстердің сапасына деген технологиялық талаптардың жоғарлауы, өндірістің әртүрлі салаларына реттелетін электржетегін енгізуді талап ету[1].

Жұмыстың мақсаты: жиіліктік реттелетін асинхронды машина негізінде жасалған реттелмелі электржетегін қолдану мәселелері және мұндай электр жетектерін қолдану кезіндегі энерго үнемдеу мәселелері қарастыру болып табылады.

Реттелмелі электржетектерінің кеңінен қолданылуы қазіргі заманғы электржетегі электр энергиясын механикалыққа түрлендіретін өндірістің тек қана қуатты элементі емес, сонымен қатар технологиялық процесстерді басқарушы құрылғы ретіндеде қарастырылады, себебі өндірістік процесстердің сапасы көптеген жағдайда реттелмелі электржетегін басқару жүйесімен атқарылады.

Энергия тасымалдауышыларға деген бағаның өсуіне байланысты, атап айтсақ электрэнергиясына деген және электр өндірушілердің мүмкіншіліктерінің шектеулулігіне байланысты энегия үнемдеу, энергия пайдалануды азайту қазіргі кезде маңызды рөлге ие болып отыр.

Энергия үнемдеу қазіргі заманғы теникалық саясаттың басты бір бағыттары болып табылады. Бұл негізгі энергоресуртардың қалпына қайтып

келмейтіндігіне, оларды өндірудің барған сайын қымбаттауымен, глобальді экологиялық проблемалармен тығыз байланысты.

Энергия үнемдеу энергия өндіргіштрдің қуатын жоғарлатуыдың ең қарапайым және арзан әдісі болып табылады, себебі 1 кВт энергия үнемдеуге жұмсалатын шығын осы 1 кВт қаутты өндіруге кетткен шығыннан 4-5 есе аз болып табылады [1].

Дипломдық жобаға берілген тапсырмалар: жиілік түрлендіргіш-асинхронды қозғалтқыш жүйесінің қалыптасқан жұмыс режимдерін зерттеу.Қозғалтқыштың негізгі сипаттамаларын есептеу және құру.Сонымен қатар жиіліктік реттелетін электржетегін модельдеу болып табылады.

Негізгі шығындар (90 % дейін) энергия тұтыну сферасына тиесілі. Электржетектер барлық өндірілетін электр энергиясының 70 % жуығын тұтынатын болғандықтан, технологиялық процеестерді басқару үшін реттелмелі электр жетектерін өндіріске кеңінен енгізу арқылы электр энергиясын үнемдеуде айтарлықтай көрсеткіштерге қол жеткізуге болады.

Осыған байланысты қуаты орта және үлкен механизмдердің, сонымен қатар жылдамдығын кең аралықта реттеуді қажет етпейтін механизмдер үшін каскадты схемамен жасалатын реттелмелі электржетектерін енгізу тек технологиялық тапсырмаларды шешіп қана қоймай энергия үнемдеу проблемаларын да оң шешуге мүмкіндік береді[2].

1 ЖИІЛІКТІК РЕТТЕЛЕТІН ЭЛЕКТРЖЕТЕКТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Өндірілетін электр энергиясының 70 % айнымалы ток электр-жетектерімен тұтынылады.

Әртүлі жұмыс механизмдерінің электржетектегі ретінде қолданылатын айнымалы ток қозғалтқыштарының кеңінен таралуы салыстырмалы түрде олардың құрылысының қарапайымдылығымен, сенімділігімен және өзіндік құнының қымбат еместігімен түсіндіріледі[1].

Жұмыс механизмдерін қозғалысқа келтіретін және олардың технологиялық процесстерін басқаратын электромеханикалық құрылғы электржетегі деп аталады.

Электржетегі структуралық схемасы төменде 1.1-суретте көрсетілгендей біртұтас электрмеханикалық жүйе болып табылады[1].



Ток көзінен тұтынылатын электр энергиясы электрмеханикалық түрлендіргіш арқылы (ЭМТ) механикалық энергияға түрленеді. Механикалық энергия роторға (Р) беріледі, оның аздаған бөлігі кинетикалық энергия қорын көбейтуге және қозғалмалы бөліктегі механикалық шығындарға жұмсалады. Механикалық энергияның қалған бөлігі тасымалдаушы механизм (ТМ) арқылы орындаушы механизмге (ОМ) ары қарай жұмыс органына беріледі[1].

Қазіргі заманғы электржетектеріндегі энергетикалық басқару бөлігі (ЭББ) электр энергиясының басқарылмалы түрлендіргіші болып табылады, ол электржетегінің талаптарына сай кернеуді амплитудасы, жиіліг бойынша немесе токты түрлендіргіш.

Ақпараттық басқару бөлігі (АББ) қажетті жұмыс режиміне, жүйенің қасиеттеріне және технолгиялық процесстердің орындалуына негізделген ақпараттар нәтижесінде энергияның түрлену процессін басқарады[2].

Қуатты жартылай өткізгіштік және микропроцессорлық техниканың дамуымен байланысты жүктеме түріне толық сәйкес келетін, қажетті параметрлермен қаматамасыз ететін электржетектерін жиілік арқылы реттеуге мүмкіндік беретін құрылғыларды жасау мүмкіншілігі пайда болды.

Бұл өз кезегінде технологиялық жүйелер мен электр желілерінде күрделі өтпелі процесстерсіз кез-келген процессті нақты әрі тиімді реттеуге мүмкіндік берді.

Жиіліктік реттелетін электржетегінің құрамды элементтері олардың таралуы мен жұмыс жасау принципі 1.2- суретте көрсетілген.



Басқару

1.2 Сурет - Жиіліктік реттелетін электржетегінің құрамды элементтері

Ток көзінен тұтынылатын өндірістік жиіліктегі (~ U, = f) айнымалы ток кернеуі түзеткіштің (В) кірісіне беріледі[1].

Түзетілген кернеудің пульсациясын тегістеу үшін түзеткіштің шығысына L-C элементтерден құралатын филтр орналастырылған.

Түзетіліп тегістелген кернеу (= U) басқарылатын ток инверторының (И) кірісіне беріледі.

Инвертор шығысында электр жетегіне қойылған талапқа қажетті амплитудасы, жиілігі және фазасы бойынша өзгермелі айнымалы ток кернеуі қалыптасады.

Реттеуді қажет ететін технологиялық жүйе параметрі датчиктер арқылы өлшеніп басқару блогына беріледі[2].

Жиіліктік реттелетін электржетегін өндірістіің әртүлі салаларына енгізу:

1) құрылғы мен жүйенің жұмыс жасау сенімділігін арттырады.
2) Өндірілетін өнім сапасының жақсаруына ықпал етеді.
3) Өндірісті толығымен автоматтандыруға мүмкіндік береді.
4) Ресурстар мен ток көзінен тұтынылатын энергияны үнемдеуге мүмкіндік береді.

Өндіріске енгізілген реттелмелі электр жетектеріне жасалған шолулар көрсетіп отырғандай, реттелмелі электржетегін халық шаруашылығының барлық салаларында жаппай енгізудің есебінен энергия үнемдеуде үлкен потенциалдық мүмкіндіктердің барын көрсетеді[2].

Жиіліктік реттелмелі электржетектерін қолдануды қажет ететін объектілер өндіріс пен өнеркәсіптің барлық салаларында кездеседі, солардың ішінде ең маңыздылары мыналар болып табылады:

1) қоректенуші сорғыштар (насостар), тарту-үрлегіш механизмдер, тораптық сорғыштар (насостар);
2) жылу тораптарының насосты станциялары;
3) қалалық комуналдық шаруашылықтың ыстық және суық сумен қамтамасыздандыру жүйелерінің насосты қондырғылары;
4) магистральді газқұбырларының газды ауамен суыту жүйелері;
5) мұнай өндірісінің бұрғалаушы құрылғылары;

6) тау –кен байыту комбинаторының компрессорлық станциялары;
7) желдеткіштер;
8) диірмендер мен дробилкалардың электржнтектерінде;
9) цилюлоза – қағаз комбинаттарының технологилық жүйелері және т.б.

2 ЖИІЛІК ТҮРЛЕНДІРГІШ-АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖҰМЫС РЕЖИМДЕРІ

2.1 Жалпы мағлұматтар

Асинхрондық машиналардың конструктивтік ерекшеліктеріне байланысты, тұрақты тоқ машиналарына тән кемшіліктерге тап болмайды. Атап айтқанда қысқа тұйықталған асинхрондық қозғалтқышта (АҚ) коллектор мен щетканың болмауы тұрақты тоқ машиналарына қарағанда едәуір көлемде шекті біріңғай қуаттылықты, салмақты-көлемді көрсеткіштерді, аса жоғары қабілеттілігін және моменттің өзгеру жылдамдығын, аса жоғары айналу жылдамдығын анықтауға болады[3].

Белгілі болғандай, АҚ артықшылығы толық көлемде жиіліктік басқару барысында іске асырылады, ал мұның өзі өндірістің барлық салаларында үнемі реттеліп отыратын тұрақты тоқ электржетегін жиліктік-реттелетін асинхрондық электржетегімен ығыстырлатындығына әкеп соғады.

Қазіргі уақытта, өнідірілетін электроэнергиясының жартысы дерлік айнымалы тоғының реттелмейтін қозғалтқыштарымен тұтынылады, олардың ішінде едәуір бөлігін асинхронды қозғалтқыштар (АҚ) құрайды[3].

Қуатты АҚ жылдамдығын реттеу, тікелей қосу режимін болдырмау – жұмысшы механизмдерінің өндірістік факторын тиімді жоғарлатуға, эксплуатациялық шығынды төмендетуге, электроэнергияның үнемделуіне алып келеді.

Қуатты жоғарғывольтті электржетегінің жұмысшы механизмдеріне мыналар жатады: тау-кен және металлургия өндірісінің көтергіштері, желдеткіштер, насостар, газ үрлегіштер, тау-кен, металлургиялық, химиялық өндірісінің, атомдық энергетикасының компрессорлары.

Сериялық өндірістік күшті қуатты жартылай өткізгіштік құрылдарды жасап шығару және игеру нәтижесінде жоғарғы вольтті АҚ орамдарын қоректендіру үшін, кең тұрғыдан жоғарғы вольтті түрленгіштердің қолданылу мүмкіндігі пайда болды. Сонымен, жылдамдығы бойынша реттелетін қуатты жоғарғы вольттіжетегін құру мүмкіндігі пайда болды.

Жиіліктік-реттелетін электржетекте АҚ энергетикалық көрсеткіштері, механикалық және динамикалық сипаттамалары келесідей анықталады: қабылданған жиіліктік басқару заңымен, жиліктік басқару әдісімен, электржетектің автоматтық реттеу жүйесінің (АРЖ) алгоритмдік және аппараттық іске асыруымен[3].

Төменгі вольттік элеткржетектер үшін АРЖ едәуір мөлшерде өңдеп

шығарылған және зерттелген құрылымына қарамастан, оларды жоғарғы вольтті элеткржетектер үшін қолдану мүмкін емес болып табылады.

Бұл элеткржетектердің ерекшелігімен байланысты, атап айтқанда:

- элеткржетектердің параметрлерін тікелей өлшеу күрделілігімен;

- элеткржетектердің жоғарғы энергетикасына қойылатын талаптардан туындайтын қоректенетін тоқтардың ең төменгі асимметриялық шарттарымен;

- жақсартылған энергетикалық шарттардан, шығыстағы қуаттың ұлғаюын реттейтін қасиеттері мен әдістерінен туындайтын, жиіліктің екісекциялық түрлендіргішінен қоректенетін, үш фазалы екі орамды АҚ қолданылуымен[4].

Жоғарыда аталған ерекшеліктерден басқа, айта кететін бір жай – жоғарғы вольтті АҚ едәуір бөлігі айналымның жоғарғы жылдамдылығына есептелген (3000 айн/мин және жоғары), ал мұның өзі АҚ валында айналыстағы датчиктерді қолдану мүмкіндігіне жол бермейді.

Сонымен, келтірілген заңдардың, әдістердің, асинхрондық электрлікжетектердің техникалық құрылымдарын жиліктік басқару анализдерінің негізінде келесідей қорытынды жасауға болады:

1) Валда жиіленген қосу-тоқтату режимдерімен, тұрақты кедергі моменттерімен жұмыс жасайтын қуатты жоғарғы вольтті электржетектері үшін, ең жоғарғы шамадан артық ерекшелігімен айқындалатын және қозғалтқыштың ең жоғарғы динамикалық қасиеттерін қамтамасыз ететін ротордың тұрақты ағымдық тіркелуімен жиліктік басқару заңын қолдану жөн болып келеді.

2) Валда кедергінің желдеткіш моменттерімен жұмыс жасайтын қуатты жоғарғы вольтті электржетектер үшін, өзінің жоғарғы энергетикалық көрсетікштері мен техникалық іске асырылуының қарапайымдылығына қарай, минималды жоғалу бойынша жиліктік басқару заңын қолданған жөн.

3) Жиліктік басқарудың басқа әдістерімен салыстырғанда, өз артықшылықтарының негізінде, атап айтқанда: техникалық іске асырылуының қарапайымдылығын (векторлық әдістермен салыстырғанда) және ең жақсы динамикалық, статистикалық көрсеткіштерін (амплитудалық әдістермен салыстырғанда) алып қарағанда, жиліктік басқарудың квазивекторлық әдісін қолданған жөн[4].

4) Электржетектің қуаттылығын жоғарлату үшін және бір мезгілде энергетикалық көрсеткіштерді жоғарлату үшін, 30 эл.градусқа фазалық жылжумен тоқтың (кернеудің) екі үш фазалық түрлендіргіш жиіліктен қоректенетін, үш фазалық статорлық оралымның арасындағы кеңістіктік қозғалысымен үш фазалық екі оралымды қозғалтқыштар қолданылады.

Қазіргі уақытта асинхрондық электржетектерін жиліктік басақру үшін қолданатын техникалық құрылымдар жоғарғы вольтті электржетекке

қойылатын талаптарға толық көлемде жауап бермейді және оған келесідей кемшіліктер тән:

1) Қолдану аясында шектеулі төменгі жылдамдықтағы электр-жетектерінің болуы, сериялықты өзгерту немесе арнайы машинаны жасап шығару қажеттілігі, валды механикалық бөлу үшін арнайы құралдарды қолдану, шаң-тозаңды және агрессиялық ортада қолдану мүмкін еместігі – валда және машианың ішінде датчиктердің болуымен ұштасады;

2) Күрделі техникалық құрылымдардың болуына негізделетін тех-никалық іске асырудың жоғарғы күрделілігі: векторлық фильтрдің, фазоайналдырғыштардың, функционалды түрлендіргіштердің, жиіліктің сол сәттегі коррекциялық блоктардың толығымен түрлнеуі[4];

3) Жоғарғы вольтті гальваникалық байланысты шешімді жүзеге асыратын жоғарғы сапалы датчиктердің болуы;

4) Жоғарғы сенімділіктің болмауы, ал бұл валда және машианың ішінде датчиктердің болуымен, АРЖ блоктарын техникалық іске асырылуының жоғары күрделігімен, жоғарғы вольтті гальваникалық шешімді жүзеге асыратын датчиктермен ұштасады[4].

2.2 Электржетегінің қалыптасқан жұмыс режимдерін зерттеу

Электржетегі айнымалы ток көзіне қосылған (380 В, 50 Гц.) жиілік түрлендіргіш –асинхронды қозғалтқыш жүйесі болып табылады.

Электржетегі схемасында апатты жағдайларды қозғалтқышты жылдам тоқтатушы тежеу әдісі қарастырылған.

Бұл электржетегінде жұмыс механизімінің статикалық моменті біліктің айналу жиілігі өзгергенде өзгеріп отырады. Жұмыс механизімінің жұмыс режимі айналу жиілігінің кезкелген мәні үшін ұзақуақытты (S1) болып табылады[4].

Қозғалтқышты іске қосу, реверстеу және тежеу бос жүріс режимінде жүргізіледі, яғни ($0.15M_{cm}$).

Жалпы қолданысқа ие асинхронды машиналар коллекторсыз және коллекторлы болып бөлінеді. Коллекторсыз асинхронды машиналар қозғалтқыш ретінде екі жағдайда қолданылады:

1) Қысқаша тұйықталған роторлы қолданылуы.

2) Фазалы роторлы қолданылуы.

Коллекторсыз қозғалтқыштардың қарапайымдылығы, жоғары сенімділігі, бағасының арзан болуы, ПӘК-інің жоғарылығы арқасында бұрын тұрақты

токпен қамтамасыз етілген өндіріс аймағында кең көлемде қолданысқа түсуіне себепкер болды. Асинхронды қозғалтқыштардың кемшіліктері: магниттеу индуктивтілік тогын қоректенгендіктен $\cos\varphi$ қуат коэффициенті нашарлауы; реттеу коэффициенттерінің аз қанағаттандыруы; іске қосу сипаттамаларының нашар болуы(қысқаша тұйықталған роторлы қозғалтқыштарда)[4].

Егер үш фазалы машинаның стоторына үш фазалы ток жүргізсе, онда машинада n_1 жылдамдықпен айналатын магнит өрісі пайда болады:

$$n_1 = \frac{60f}{p}$$

Егер статордға қысқаша тұйықталған роторды орналастырғанда асинхронды машинаның статор және ротор орамдарының арасында тек магниттік байланыс болады.

Асинхронды машинада өтетін электромагнитті процестер трансформатордікіне ұқсас, бірақ трансформатордағы екінші ретті орам бос ауа қуысында өзгеріссіз болады, ал асинхронды машинада ол n жылдамдықпен айналады.

Егер $n = n_1$ болса, онда жылдамдықтар бір бағытта болғандықтан статор мен ротор арасындағы электромагниттік байланыс болмайды, яғни ЭҚК нөлге тең болады. Сондықтан асинхронды машинаның статоры және роторы арасындағы байланыстың, яғни оның жұмысының міндетті түрдегі шарты болып n_1 және n жылдамдықтарының айырмасы болып табылады:

$$S = \frac{(n_1 - n)}{n_1},$$

қатынасын асинхронды машинаның сырғуы деп атаймыз.

Айнымалы жылдамдықты жатық реттейтін тәсіл жиіліктік тәсіл болып келеді. Жылдамдықты осы тәсілмен өзгерту статордың айнымалы магнит өрісінің синхронды жылдамдығының өрнегінен көрінеді:

$$\omega_1 = \frac{2\pi f}{p}$$

бұдан ω_1 статор орамдарына жүргізілген f кернеу жиілігіне тура пропорционалды екенін көруге болады. Жиілік өзгергенде кернеуді де өзгету қажет. $U \approx cf\Phi_m$, яғни егер кернеу сол қалпында болып, жиілікті өзгерткенде машинаның магнит өрісі өзгереді. Егер f -ті төмендетсек Φ_m өседі. Ал ол өз кезегінде қозғауыштың істен шығуына себепкер болады[5].

Жиіліктік тәсіл айналу жылдамдығын номинальдіден төмен және жоғары

етіп қабылдауға мүмкіндік береді.

Кез-келген жиілікке сәйкес келетін қозғалтқыштың механикалық сипаттамасына өзгеріссіз $\lambda_M = \frac{M_{\max}}{M_н}$ қозғалтқыштың асыра жүктеу шартынан жиіліктік басқару кезіндегі жиілік пен кернеу арасындағы қатынасты ұстап тұру керек.

Статордың орамдарындағы активті кедергіні ескермесек:

$$M = \frac{AU_1^2}{f^2}$$

мұндағы А-пропорционалдық коэффициент.

Сонда:

$$\frac{M_{\max}}{M_н} = \frac{AU_1^2}{f^2 M_н} = const$$

бұдан f_ν жиілігінде кернеу мен жиілік арасында номиналь мәнге тең кедергі моменті өзгеріссіз күйде болғанда келесі арақатынас орындалуы қажет:

$$\frac{U_{1\nu}}{U_{1н}} = \frac{f_\nu}{f_н}$$

Қозғалтқышты басқаруға арналған жиіліктік түзеткіштер электромашиналы және вентильді болады.

Вентильді түзеткіштердің массасы және габариті аз, ПӘК-і жоғары болады және тез жұмыс істей алады[5].

2.3 Жиіліктік әдісі арқылы асинхронды қозғалтқыштың айналу жиілігін реттеу

Айнымалы ток қозғалтқыштарының айналу жиілігін ток көзі жиілігін өзгерту арқылы реттеу әдісі синхронды жылдамдық теңдігінен көрінеді:

$$\omega_c = \frac{2\pi f}{p}.$$

Жиіліктік реттеу әдісінің ерекшелігі ток көзінің жиілігін өзгерту мен қатар кернеудің де шамасын өзгертіп отыру қажет, яғни $U_1 \equiv kf_1\Phi$ болғандықтан ток жиілігі өзгерген кезде кернеудің шамасы өзгеріссіз қалатын болса қозғалтқыштың магнит ағыны өзгеріске ұшырайды. Сондай-ақ қозғалтқыш білігіне түсетін жүктеме тұрақты болатын болса магнит ағыны ротор тогын

анықтаушы болып табылады, яғни $M = kI_2 \Phi cos\varphi_2$.

Сондықтан ток жиілігі мен кернеу арасындағы қатынасты анықтау үшін қозғалтқыштың асқын жүктемеге қабілеттілігін ескеру қажет ол төмендегі өрнек бойынша анықталады[5]:

$$\lambda = \frac{M_{\max}}{M_c} = const.$$

Қысқаша тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқыштар электржетегінде кеңінен қолданылады және соңғы уақытқа дейін негізінен жылдамдығы реттелмейтін электржетегі қолданылып келді себебі статор орамдарына берілетін кернеу жиілігін өзгерту күрделі мәселе болып табылды. Қәзіргі уақытта электрониканың жетістіктеріне сәйкес жиіліктік реттелетін асинхронды электржетегі басқарылатын электржетегінің негізгі түрі болып табылады 2.1-сурет, а суретте көрсетілген[5].

Синхронды айналу жиілігінің теңдігінен $\omega_0 = \frac{2\pi f_1}{p}$, ω_0 ток жиілігіне f_1 тура пропорционал екенін көреміз. Қозғалтқыштың магнит ағынын тұрақты ұстап тұру үшін f_1 жиілігін өзгерту мен қатар кернеудің амплитудасын да өзгерту қажет, мысалы $\Phi \approx \frac{U_1}{4{,}44 f_1 w_1 k_{об}} \equiv \frac{U_1}{f_1}$ теңдікті ескерсек, онда $E_1 \approx U_1$

$$\frac{U_1}{f_1} = \frac{U_{1н}}{f_{1н}} = const.$$

Егер $U_1 = U_{1н}$ болған жағдайда ток жиілігін жоғарлататын болсақ, онда жоғарыдағы теңдікке сәйкес магнит ағыны төмендейді[5].



а) б) в)

а – қуатты бөлігі; б – механикалық сипаттамалары; в – кернеудің жиілікке тәуелділігі.

2.1 Сурет – Жиіліктік реттелетін асинхронды электржетегінің схемасы

Егер R_1, ескермесек, яғни $E_1 \approx U_1$, деп есептесек, онда момент $\frac{U_1}{f_1}$ қатынасына пропорционал, ал төңкерме сырғанау (критическое скольжение) $s_к$ жиілікке кері пропорционал болады.

Жиіліктік реттеу әдісі кезінде $E_1=U_1$ деп есептеген кездегі механикалық сипаттамалар 2.1,б – суретте көрсетілген.

Суреттен статор кедергісінің сипаттамаға әсер ететінін көріге болады 2.1,б-суреттегі пунктир сызықтар, ол әсіресе қуаты аз қозғалтқыштарға мықты әсер етеді, сондықтан бұл әсерді теңгеру үшін төмен жиіліктер кезінде кернеуді айтарлықтай жоғарлатады 2.1,в- суретте көрсетілген.

Жиіліктік реттеу әдәсінің ерекшеліктері төмендегідей:

1) реттеу екі зоналы – негізгіден төмен қарай ($U_1/f_1 \approx const$) болғанда және негізгіден жоғары қараай ($U_1=U_{1н}$, $f_1>f_{1н}$) болғанда;

2) кері байланыссыз жүйеде реттеу диапазоны (8-10):1, жылдамдықтың тұрақтылығы -жоғары;

3) реттеу бірқалыпты;

4) негізгіден төмен қарай реттеу кезінде жүктеме моменті $M=M_н$, негізгіден жоғары қарай реттеу кезінде $P = P_н$ болады ($Ф < Ф_н$);

5) реттеу әдісі экономикалық жағынан тиімді себебі энергия құр шығынға ұшырайтын элементтер жоқ;

6) Реттеу әдісін іске асыру үшін - қоғалтқышқа берілетін кернеудің жиілігі мен амплитудасын басқаруға арналған құрылғы жиілік түрлендіргішін (ЖТ) қажет етеді. Мұндай құрылғылар қазіргі кезде кеңінен өндірілуде және олардың өзіндік бағасыда қымбат емес -1000 USD/кВт.

Жиілік түрлендіргіштерінің басым бөлігінің құрылыстары ұқсас болып келеді 2.2- суретте: айнымалы ток көзі – басқарылмайтын түзеткіш *В*- тұрақты ток тізбегі – фильтр ретінде қарастырылатын конденсатор *LC*- жолақты импулсті модуляцияланатын ШИМ (широтно-импульсной модуляцией) автономды инвертор *И* және жиілігі $f=var$ мен амплитудасы өзгермелі $U=var$ кернеу берілетін асинхронды қозғалтқыш, инверторды басқару *ББ* – басқару блогының көмегімен жүргізіледі[5].



2.2 Сурет-Жиілік түрлендіргіш-асинхронды қозғалтқыш автоматтандырылған электржетегінің қуатты бөлігі

Жоғарыда аталған жиілік түрлендіргіш тұрақты ток звеносы бар деп аталады, сонымен қатар айнымалы токты тікелей жиілігі мен амплитудасы реттелетін басқа айнымалы токқа түрлендіретін жиілік түрлендіргіштер қолданылады олар тікелей байланысты жиілік түрлендіргіш (ТБЖТ) деп аталады.2.3,а және 2.3,б -суреттерде көрсетілген.



а) б)



в)

2.3 Сурет – Тікелей байланысқан жиілік түрлендіргішінің схемалары

Қозғалтқыштың әрбір фазасы тиристорлар негізінде жасалған қарсы-параллель қосылған басқарылмалы түзеткіштердің екі комплектісімен жабдықталған 2.3,б–суретте көрсетілген. Түзеткіштерді басқара отырып қозғалтқыштың әрбір фазасында айнымалы токтың оң жарты периодында тиристорлардың бір тобы, ал теріс жарты периодында екінші тобы арқылы кереумен қамтамасыз етуге болады. Шығыс кернеуінің периоды *T*, сәйкесінше *f=1/T* жиілігі тиристорлардың қосылу уақытысына байланысты болатындығын 3в –суреттен көруге болады[6].

Шығыс кернеуінің амплитудасы тиристорларды басқару бұрышына тәуелді екенін 2.3,в –суреттен көруге болады.

Тікелей байланысты жиілік түрлендіргіштерді циклоконвертор деп те атайды, олардың негізгі ерекшеліктері мыналар: схемалық қарапайымдылығы, қуатты екі жақты өткізе алу қабілеттілігі және қуатты бөлікте энергия шығынының аздығы. Кемшіліктері ретінде шығыс жиілігінің жоғары мәнінің шектулілігі, ток көзін жоғары гармоникалармен ластайтындығы[6].

3 НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРДЫ ЖӘНЕ КӨРСЕТКІШТЕРДІ ЕСЕПТЕУ

3.1 Бастапқы деректер және жобалау тапсырмасы

Көрсетілген шарттарға сәйкес электр жетегі жиілік түрлендіргішінің асинхронды қозғалтқышының (ЖТ-АҚ) элементтерін есептеңіз және таңдаңыз[6]:

1) автоматты жүйе білікке жүктеме өзгерген кезде асинхронды қозғалтқыштың айналу жылдамдығын басқару үшін қолданылады;

2) білікке статикалық момент қойылады - Мст, N * м;

3) пропорционалдық коэффициенті - k = 0,015;

4) жүктеменің өзгеру сипаты - q = 2,5;

5) механизмнің инерция моменті $J_{мех} = 2,5 * J_{дв}$, кг *м^2;

6) қозғалтқыш білігінің айналуының бұрыштық жылдамдығы - $\omega = 104,6667$ айн/мин.

7) Механизмнің тиімділігі. = 0,75%

3.2 Қозғалтқыш қуатын таңдау

Қозғалтқыштың қуатын таңдау кезінде негізгі бастапқы деректер механизм білігіне қолданылуы керек қажетті моменттері, механизмнің жұмыс органының қажетті жылдамдықтары мен үдеулері болып табылады[7].

Сондықтан белгілі формулаға сәйкес мен қозғалтқыштың баламалы қуатын анықтаймын:

$$P_{экв} = \frac{M_{ст} \cdot n}{9575}, \text{ (кВт)}$$

мұнда $n = \frac{30\omega}{\pi}$ - қозғалтқыш жылдамдығы, айн/мин және

$$M_{ст} = k\omega^q.$$

Қозғалтқышты шарттарға сәйкес $P_{дв} \geq P_{экв}$ тікелей таңдаймын, каталогқа сәйкес ең жақын қуаттылығы жоғары роторлы роторлы асинхронды қозғалтқышты таңдаймын[7].

Шамадан тыс жүктемені тексеру үшін мен шартқа сәйкес тексеремін:

Қозғалтқыштың қажетті моменті $M_{ном} \geq \frac{M_{\max}}{\lambda}$ немесе $M_{ном} \geq к_з M_{ст}$ мұндағы $к_з$- – моменттің қауіпсіздік коэффициенті (есептеу үшін $к_з=1,4$ қабылдаймыз), λ - ағымдағы қатынас (есептеу үшін $\lambda=3$ қабылдаймыз).

Егер тексеру шарты орындалмаса, мен қуаттылығы жоғары басқа қозғалтқышты таңдаймын.

Есептік көрсеткіштер -

Статистикалық моменті, Мст [Нм]: 1681.2

Эквивалентті айналым, n [об/мин]: 1000

Полюстердің жұптарының саны, p: 3

Баламалы қуат, Рэкв [кВт]: 175.4905

3.3 ЖТ-АҚ жүйесінде жылдамдықты басқару

Жиілікті өзгерту кезінде АҚ және СҚ айнымалы ток қозғалтқыштарының жылдамдығын басқару мүмкіндігі тікелей өрнектен туындайды:

$$\omega_c = \frac{2\pi f}{p}.$$

Жиілікті реттеу кезінде қозғалтқышты беретін кернеудің мәндерін де өзгерту қажет. Бұл қуат көзінің тұрақты кернеуі U_1 және оның жиілігін реттеу кезінде АҚ магниттік ағыны өзгеретініне байланысты, өйткені $U_1 \equiv kf_1\Phi$. Біліктегі тұрақты жүктемедегі магнит ағыны ротор тогының мәнін анықтайды, өйткені $M = kI_2\Phi cos\varphi_2$ [7].

АҚ статорына берілетін жиілік пен кернеу арасындағы қатынасты таңдағанда, шамадан тыс жүктеме қабілеттілігін сақтау шартынан шығады:

$$\lambda = \frac{M_{\max}}{M_c} = const$$

$\omega_0 = \frac{2\pi f_1}{p}$-дан ω_0 шығатындай, f_1 жиілігіне пропорционал және берілген машина үшін басқа шамаларға тәуелді емес. Сонымен бірге f_1 мәнін өзгерткен кезде кернеу амплитудасына назар аудару керек: f_1 азайған кезде магнит ағынын белгілі бір деңгейде ұстау үшін, мысалы, номиналды деңгейде,

$\Phi \approx \dfrac{U_1}{4{,}44 f_1 w_1 k_{об}} \equiv \dfrac{U_1}{f_1}$ сәйкес келесідей өзгерту керек $E_1 \approx U_1$:

$$\frac{U_1}{f_1} = \frac{U_{1н}}{f_{1н}} = const .$$

$U_1=U_{1н}$ кезінде номиналдыдан жиіліктің жоғарылауымен ағын сәйкес $\Phi \approx \dfrac{U_1}{4{,}44 f_1 w_1 k_{об}} \equiv \dfrac{U_1}{f_1}$ азаяды.

Егер R_1, ескерілмесе, яғни. $E_1 \approx U_1$, деп есептесек, критикалық момент $\dfrac{U_1}{f_1}$, пропорционал, ал сыни қарау $s_к$ f_1-ге кері пропорционал.

Бұрын енгізілген көрсеткіштер бойынша жылдамдықты реттеу:

1) екі аймақты реттеу – негізгі жылдамдықтан төмен($U_1/f_1 \approx const$) және жоғары ($U_1=U_{1н}$, $f_1>f_{1н}$);

2) ретегіш диапазоны – ашық құрылымда: Жылдамдық тұрақтылығы – жоғары;

3) біркелкі реттеу;

4) рұқсат етілген жүктеме - $M=M_н$ негізгі жылдамдықтан төмен реттеу кезінде ($\Phi \approx const$), $P = P_н$, жоғары қарай реттеу кезінде ($\Phi < \Phi_н$);

5) Әдіс жұмыс кезінде үнемді - қосымша элементтер жоқ, энергияның шығыны[7].

6) Әдіс жиілік түрлендіргішін (ЖТ) пайдалануды талап етеді – шығыс кернеуінің жиілігі мен амплитудасын басқаратын құрылғы.





3.1 Сурет - Тікелей қосылған жиілік түрлендіргішінің (а) және (б) схемалары және кернеу диаграммасы (в)

3.4 Қозғалтқыштың негізгі сипаттамаларын есептеу және құру

Механикалық сипаттаманы формула бойынша есептеймін:

$$M = \frac{p \cdot m_1 \cdot U_1^{\,2} \cdot \frac{r_2'}{s}}{\omega \cdot [(r_1 + c_1 \cdot \frac{r_2'}{s})^2 + (x_1 + c_1 \cdot x_2')^2]},$$

Кестеден асинхронды қозғалтқыштың келесі параметрлерін аламын:
Мұндағы

η тиімділік коэффициенті (ПӘК)

$\cos\varphi$ - қуат коэффициенті,

R_1 - статор орамасының белсенді кедергісі,

x_1 - статор орамасының индуктивті кедергісі,

R_2'' - ротор орамасының белсенді кедергісі,

x_2'' - ротор орамасының индуктивті кедергісі,

J_p – ротордың инерция моменті, кг*м^2.

Есептейміз:

$$r_1 = R_1^{'} \cdot z_1$$
$$x_0 = x_0 \cdot z_1$$
$$x_1 = x_1^{'} \cdot z_1$$
$$x_2' = x_2^{''} \cdot z_1$$
$$r_2' = R_2'' \cdot z_1$$

мұнда $Z_1 = \frac{U_{нфаз}}{I_{нфаз}}$, $U_{нфаз}$ – статордың номиналды фазалық кернеуі, В.

Статордың номиналды фазалық тогы өрнекпен анықталады:

$$I_{нфаз} = \frac{P_2}{3 \cdot U_{нфаз} \cdot \eta \cdot \cos\varphi}, \text{ (А)}$$

Мұнда P_2 – қозғалтқыш білігінің қуаты (Вт).

Табиғи механикалық сипаттамасы *M(s)* и *n(M$_{ст}$)* 0 ... 1 диапазонында s мәнін өзгерту арқылы таңдалған қозғалтқыштың құрамы[8].

Қозғалтқыш ерекшелігі:

Қозғалтқыш түрі (каталог бойынша): А355М6УЗ

Қозғалтқыш қуаты, Рдв [кВт]: 200

Қозғалтқыш инерция моменті, Jдв [А/мм2]: 4.1000

Тиімділік және cos(fi): 0.9400 0.9000

Қысқа тұйықталудың және магниттелудің индуктивті кедергілері, хк/хм: 0.1500 3.6000

Статор мен ротордың кедергісі, R1/R2 [Ом]: 0.0180 0.1400

Статор мен ротордың индуктивті кедергілері, X1/X2 [Ом]:0.1300

Номиналды момент, Мн [Нm]: 1373.7

Реттеу коэффициенті, D [min/max]: 0.0947

Реттеу диапазоны, w [min - max]: 9 95



3.2 Сурет - Механикалық сипаттама



3.3 Сурет - r1=0 және r1<>0 болатын айналу моментіне байланысты айналу жылдамдығының механикалық сипаттамасы



3.4 Сурет - Статистикалық момент және айналу моментіне қарсы жылдамдықтың механикалық сипаттамасы

Қосымша деректер
Номиналды фазалық кернеу, Uнф [В]: 220
Номиналды фазалық ток, Iнф [А]: 358.1918
Коэффициенті: Z1: 0.6142
максималды табиғи момент, Mmax [Нм]: 3.5515e+003
максималды табиғи айналым, wmax [айн/мин]: 51.8349

3.5 ЖТ-АҚ жүйесінің жасанды сипаттамаларын есептеу және құру

Таңдалған қозғалтқышты қоректендіру кернеуі 10-15% төмендеген кезде шамадан тыс жүктеу мүмкіндігін тексеру үшін яғни $U_1' = 0.85U_{1ном}$ жасанды сипаттаманы саламын[8].

Өздеріңіз білетіндей, егер білікке статикалық момент келесі сипатқа $M_{ст} = \omega^q$ ие болса, яғни жүктеменің желдеткіш сипатымен, жиіліктің өзгеруімен

кернеуді басқару заңы өрнекпен $\frac{U_1}{f^{q_1}} = \frac{U_1'}{f_1^{q/}} = const$ анықталады.

Әрі қарай, жиілікпен басқарылатын асинхронды қозғалтқыштың жасанды механикалық сипаттамасын келесі жиілік мәндерінде тұрғызамын: $f_1' = 10 Гц$; $f_1'' = 25 Гц$; $f_1''' = 35 Гц$; $f_1'''' = 45 Гц$. Графикті салу кезінде осы талаптардың барлығы орындалды.

3.6 ЖТ-АҚ жүйесінің қуат тізбегінің элементтерін таңдау

Жиілік түрлендіргіш – бір жиіліктегі айнымалы токты (кернеуді) басқа жиіліктегі айнымалы токқа (кернеуге) түрлендіруге арналған құрылғы.

Қазіргі уақытта тиристорлар негізіндегі жиілік түрлендіргіштері шығыс кернеуі 3-10 кВ және одан жоғары жүздеген киловатттан ондаған мегаваттқа дейінгі қуат диапазонында жоғары вольтты жетекте басым орынды алады. Дегенмен, олардың бір кВт шығыс қуатының бағасы жоғары вольтты түрлендіргіштер класында ең жоғары болып табылады[8].

Тиристор жартылай басқарылатын құрылғы болып табылады: оны қосу үшін басқару шығысына қысқа импульс беру жеткілікті, бірақ оны өшіру үшін оған кері кернеуді беру керек немесе қосылатын токты нөлге дейін азайту керек. Бұл тиристорлық жиілік түрлендіргішінде күрделі және ауыр басқару жүйесін қажет етеді.

Жиілік түрлендіргіші номиналды қуат $P_{ном,}$ *(кВт)* және номиналды қозғалтқыш тогы $I_{ном,}$*(А)*, сондай-ақ жиілік диапазоны негізінде таңдалғандықтан, мен жиілік түрлендіргішті қажетті түрлендіргіш қуатының жағдайына қарай таңдаймын: $P_{ПЧ} \geq P_{ст} = M_{ст}\omega$ немесе $P_{ПЧ\max} \geq M_{\max}\omega$; сондай-ақ түрлендіргіштің қажетті тогы $I_{ПЧ} \geq \frac{M_{\max} I_{ном}}{M_{ном}\lambda_i}$, мұндағы λ_i-токтардың көптігі.

ЭП коммутациялық құрылғы ретінде мен автоматты ажыратқышты таңдаймын, онда шамадан тыс жүктеме токтарында жұмыс істейтін жартылай өткізгішті босату бар. Шығарудың номиналды тогы $I_{ном.р} \geq I_{ном.дв}$,.,.

Жиілік түрлендіргіштің қажетті деректері

мин көрінетін қуат, Р_пч >= 1.7596e+005

мин максималды қуат, Рпч_max >= 3.7172e+005

мин түрлендіргіш ток, I_пч >= 178.7116

Осы параметрлерге сәйкес мен EI-P7002 (300H) жиілік түрлендіргішін таңдаймын, максималды шығыс қуаты 220 кВт.

Түрлендіргіштің шығыс сипаттамалары:

Түрлендіргіштің жалпы қуаты – 300 кВ×А

Номиналды шығыс тогы - 450 А
Максималды шығыс кернеуі - 380 В
Номиналды шығыс жиілігі - 50 Гц

